

Ақтөбе университеті



1996 жылдың
12 наурызынан
бастап шығып
келеді

№ 18 (394)
30 қараша 2016 ж

"Ақтөбе Университеті" Газеті

АРУ им. К.Жубанова

@ argugazeti@mail.ru



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Филология факультетінің «Жұбановтану» ғылыми зертханасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Болат Шағырбайұлы Баймұхановты Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы Педагогикалық Ғылымдар Академиясының жалпы жиналысында езінің тәлімдік идеялары мен концепцияларын сәтті қорғап, академик болып сайлануымен құттықтаймыз!



Әріптесімізге қажымас қайрат, ғылыми-оқытушылық қызметінде зор жетістіктер тілейміз!

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ТАРИХИ ДРАМА КӨПШІЛІК
КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ



2 бет

ТАРИХИ ТҰЛҒА ВӨКЕНБАЙ
ВАТЫРДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ



3 бет

УЧЕНЫЙ ИЗ ПОЛЬШИ В НАШЕМ
УНИВЕРСИТЕТЕ



5 бет

ЖАСТАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Ақтөбе қаласында алғаш рет «Жас Ақтөбе» облыстық жастар сыйлығы тағайындалды. Облыс басшысы Бердібек Сапарбаев мырзаның басшылығымен «Жер жәннаты» мейрамханасында «Жастар балы» ұйымдастырылды. Салтанатты шараға облысымыздың мекеме басшылары, музыкант, скрипкашы Марат Бисенғалиев және де қазақ эстрадасының жұлдыздары, тележүргізушілер мен студент жастар қатысты.

Бұл шараның маңыздылығы аты атап тұрғандай жастарға арналды. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі талантты жас-тар мен еліміздің еркендеуіне езіндік үлес қосып жүрген ең белсенді жастарымызды, әкімнің арнайы 100 мың теңге келеміндегі ақшалай сыйлығымен және алғыс хаттарымен марапаттады. Аталмыш жиын қайырымдылық шара ретінде өткізілді. Жалпы сомасы 4 млн теңгені құраған бұл мерекелік кештен түскен қомақты қаржы мүмкіндігі шектеулі мұқтаж жандарға берілді. Және де тағы бір мақсаты облысымыздың жастар комитетін қолдау, жастарымызға демеу көрсетуге арналды.

Бұл бастау алдағы уақытта жылда дәстүрлі жалғасын табатын болып шешілді. Жастарымыздың даму қарқыны ендігі жерде бұнпнп көрсеткішінен де асып, мәдени бәсекелестіктің берері мол боларына сенім мол

Сондай-ақ, балда жастар саясатын мемлекеттік деңгейде көтеріп жүрген 25 жалынды жастарымыз ақшалай сыйлыққа ие болды. Сонымен бірге аймақ басшысы мүмкіндігі шектеулі дарынды 10 жасқа 100 мың теңгелік сертификаттар ұсынды.

Аталған осы шарада Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе еңірлік мемлекеттік университетінің дарынды да, жалынды студенттерінің қанжығасы құр қайтады. Оқу ордамыздың шетел тілдері факультетінің 4 курс студенті, студенттік ректор Нарқозы Қартжан мен «Тұмар» студенттік театрының жетекшісі, экономика және құқық институтының 4 курс студенті Аман Қанат облысымыздың дамуына еткен еңбектері үшін марапатталды.

Бұнпнп жетістікке жетулерінің бірден-бір себебі қара шаңырағымыздың басшысы Кенжеғали Кенжебаев мырзаның жас дарындарды әрдайым қолдап, демеу көрсетуінің, университетіміз жастар саясатын жүзеге асыруда топ жарып қызмет етіп келе жатқандығында деп білеміз. Осыған орай студенттеріміз оқу ордамыздың басшылығына ез алғыстарын жеткізді. Бұл жетістік студенттеріміздің ғана емес, университетіміздің жетістігі!

Жансая КЕНЕШОВА

ҚАЗАҚТЫҢ КӨРНЕКТИ АҚЫНЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Университетіміздің филология факультетінде қазақтың көрнекті ақыны, сазгер, драматург, өнер қайраткері Б.



Тәжібаевтың 90 жылдық мерейтойына орай қазақ филологиясы мамандығының 102 топ студенттері, топ кураторы С.Ж. Тәшімбаева мен Қытай елінен келген қандастарымызбен бірлесіп «Айналайын, Ақбұлақ» атты әдеби кеш өткізді.

Кеш барысында студенттер Б. Тәжібаевтың өмір жолынан сыр шертіп, өнерлі жастар ақынның күллі қазаққа әйгілі өндерін шырқады. Топтың белсенді студенті Ислам Бақтыбай «Әдемі-ау» өнін ерекше етіп орындап, көрерменнің ризашылығына бөленді. «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенттері Сандугаш Бақытқызы, Мағауия Есболатқызы, Нәзият Еркінқызы әдеби кеште өз шығармашылығынан арнау оқыды.

Шараға факультеттің профессор-оқытушылық құрамы қатысып, аға буын пікірлерін ортаға салды.

А.НҮРПЕЙІСОВА



ТАРИХИ ДРАМА КӨПШІЛІК КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ

Университетіміздің Жастар сарайында «Абайтану» кабинетінің меңгерушісі Басқар Алиевтің ұйымдастыруымен режиссер Досхан Жолжақынов түсірген «Құнанбай» толықметражды көркем фильмін филология факультетінің оқытушылары мен студенттері тамашалады.

Ондағы мақсат қатал да әділ билік иесі Құнанбайдың тағдыры жайында жастарға кең мағлұмат беріп, Абайдың балалық шағы еткен тарихи кезеңді терең түсінуге, студенттерді ел тарихын жете білуге баулуға арналды.

Көркем фильм хәкім Абайдың әкесі, кемеңгер Құнанбай Өскенбайұлының енегелі емірінің бір кезеңін қамтиды. Ел билеу ісі мен ағайын арасын жарастыру, руаралық татулықты сақтап тұру секілді қиын да жауапты қызметте Құнанбай қажы қашанда әділдікке жүгініп отырған. Елінің жанашыр перзенті болып жаратылған ол бұқараның алдындағы парызы мен қарызын терең ұғына білген жан. Фильмде Құнанбайдың көрегендігі, данышпандығы, әділдігі, дәстүрді құрметтейтіндігі анық көрсетілген. Режиссер кинокартинада Құнанбайдың тек жеке басы ғана емес, сонымен қатар, XIX ғасырдағы қазақ қоғамының шынайы көлбетін көрсетуге тырысқан.

Тарихи туындыны жиналғандар ерекше ықыласпен қабылдады. Адам көңілін бей-жай қалдырмайтын фильмдегі оқиғалардан соң көпшілік көңіліне кеп нәрсені түйгені сөзсіз.

Ж.АРЕН



Университетімізде орыс филологиясы және мәдениаралық қарым-қатынас кафедрасының ұйымдастыруымен белгілі жазушы Рауль Мир-Хайдаровтың 75 жылдығына арналған деңгелек үстел өтті. Деңгелек үстелге оқу ордамыздың ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Алтыншаш Бекбауова, университет профессор-оқытушылар құрамы, Ақтебе қаласының зиялы қауым өкілдері және студенттер қатысты.

РАУЛЬ МИР-ХАЙДАРОВ 75 ЖАСТА



Алғаш сөз кезегін алған ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Алтыншаш Упуқызы жазушыны мерейлі жасымен құттықтап, университет басшылығы атынан мерейтой иесіне профессор Құдайберген Жұбанов бейнесі бейнеленген кілемше мен «Парасат биігінде» деп аталатын энциклопедияны тарту етті.

Деңгелек үстел барысында Мәртеп ауылында дүниеге келген жерлес жазушы жайында университеттің орыс филологиясы және мәдениаралық қарым-қатынас кафедрасының аға оқытушысы Татьяна Коробкова баяндама жасады. Ол Рауль Мирсайдулының өмір жолына, шығармашылығына кеңінен тоқталып етті. Университетіміздің «Жұбановтану» ғылыми зертханасының меңгерушісі Болат Баймұхановта

өз кезегінде жазушыны мерейлі жасымен құттықтап, оның шығармаларының мазмұнының кеңдігіне, өзектілігіне тоқталды.

Жазушының құшағы бұл күні гүлге толды. Деңгелек үстелге жиналған қала зиялылары да кезекпен кезек қаламгерді туган күнімен құттықтап, жылы лебіздерін жолдады.

Мерейтой иесі де ризашылығын білдіріп, Ақтебе жеріне деген ықыласының әрқазы екендігін, әсіресе туган жері Мәртекке деген сағынышы, сүйіспеншілігі шексіз екенін жеткізді.

Рауль Мир-Хайдаров деңгелек үстел соңында жастарға ақыл-кеңестерін айтып, үнемі ізденісте, оқу үстінде болындар деген ақ тілегін білдірді. Студенттер де белгілі жазушыға кеңейде жүрген сұрақтарын қойып, оларға толыққанды жауап алды. Соңында жастар танымал қалам иесімен естелік суреттерге түсті.

Жадыра АРЕН

«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН» ПОЙЫЗЫ ӨКІЛДЕРІ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 25 жыл толатын баршамызға белгілі. Осы айтулы күнге орай елімізде, облысымызда, оқу орнымызда түрлі шаралар ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілуде. Ширек гасырлық мерекемізге орай ұйымдастырылған сондай бір ерекше шаралардың бірі «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы. Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен өтетін республикалық акция мақсаты – тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерді халықпен бөлісу, шалғайдағы ағайынның рухын көтеріп, қазақстандықтарды мазалаған мәселелерге ортақтасу.

Құрамында қоғам қайраткерлері, дәрігерлер, ғалымдар, профессорлар топтасқан пойыз делегаттары еліміздің облыстарын аралап, тәуелсіздігіміздің тұғыры әрқазы биікте екендігін көрсетуде. 20 қарашада «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы Ақтебе жеріне аялдады. Осы орайлы сәтте университетіміздің «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының ұйымдастыруымен пойыз делегаттары Астана

қаласының қоғамдық келісім мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор К.М.Казқенов, Астана қаласының «Ахысқа» түрік мәдени орталығының жетекшісі А.А.Пириев оқу ордамыздың профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерімен кездесті.

Кездесуді университетіміздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры Мұхтар Мироз сөз сөйлеп ашып, қонақтарды жиналғандарға таныстырып етті.

Алғаш сөз кезегі Астана қаласының «Ахысқа» түрік мәдени орталығының жетекшісі А.А.Пириевке берілді. Ол «Біздің сапарымыздың мақсаты «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын дәріптеу, оны жеткізу, пікір алмасу. 43 күннің ішінде құрам 35 елді мекенді араламақпыз. Әр министрліктен, мемлекеттік органдардың өкілдері арнаулы уақыт ішінде осы акцияға қатысады. Әлеуметтік құқықтық-медициналық көмек көрсетілді. 26 жоғары дәрежелі дәрігерлер аялдама жасаған станцияларда медициналық кеңестер беріп, өз

жұмыстарын атқаратын болады.

Мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесімін «Бірлік болмаған жерде, тірлік болмайды» деген мақал бар. Елбасы жүргізіп отырған сындарлы саясатты біріккен кезде ғана жүзеге асыра аламыз», - деді ол өз сөзінде. Келесі сөз кезегін алған филология ғылымдарының докторы, профессор К.М.Казқенов «Мәңгілік елдің» жетекші идеяларын баяндай отырып, жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жөніндегі ойымен бөлісті.

Кездесу барысында экономика ғылымдарының кандидаты Б.Жүнісов, техникалық факультетінің студенті Е.Мурзагулов қазіргі кезеңде әлемде және қоғамда болып жатқан жаһандық өзгерістер, Елбасының саясаты және «Мәңгілік ел» идеясы жайлы баяндамаларын оқып, көпшілікке ортақ пікір тастады.

Делегация мүшелері ұйымдастырылған кездесу деңгейін жоғары бағалап, соңында акция шеңберінде университетіміздің кітапхана қорына кітаптар тарту етті.

Жадыра АРЕН

Халқымыздың тарихын қалағандар ел бастаған көсемдер, қара қылды қақ жарған шешен-билер, қамал бұзған батырлар, оларды қолдаған азамат-ардақтылар екені белгілі. Еліміз жақсылар мен жайсаңдардан кенде болмаған Заманында бабаларымыз хан сайлап, би атап, батыр таныған, мемлекет құрып, тәуелсіздік жолында жанын пайда еткен.

Мемлекеттіміз дәуірлеген заман Әз-Тәуке тұсында болған Үш жүздің басын біріктіріп, Түркістан шаһары қазақтың астанасы болған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би даңқы ұлы даламызға жайылып Билер кеңесін құрған да Тәуке хан болған.

Сонымен қатар, алты алаштың басын біріктіріп, тәуелсіздік үшін ата жаумен айқасудың үлгісін көрсету керек болған сын заман да Әз-тәукенің тұсынан басталды.

Дүрбіт-Ойрат тарапынан қатер төніп, ел басына алмағайып күн туғанын байқаған Тәуке хан 1710 жылы Қарақұмда құрылтай шақырады. Осы тарихи құрылтайда Қазақ Ордасының тарихында тұңғыш рет Ұлы тағдыры ханға емес, сұлтанға емес, қара қылыш Бөкенбай батырға тапсырылды. Табын Бөкенбай Қараұлы Қазақ Ордасының қолбасшысы болып жарияланып, онымен бірге құрылтайға қатысқан Әбілқайыр сұлтан хан атанады. Сөйтіп, Бөкенбай батыр бастаған қазақ әскері жаудың бетін тойтарып, қалмақтардың батыстағы бөлігін Жем-Жайық өзендерінің арғы бетіне, ал оңтүстік-шығыста Сарысу өзенінен әрі ысырып, қысқа мерзімде жеңіске жеткен. Құрылтайда сөз сөйлеп, жауға қарсы тұрып, тойтарыс беруге шақырған да Бөкенбай батыр болған Қазақ халқы көшкен 1723 жылғы Ақтабан шұбырынды қасіретінен кейінгі ерге қуат, елге дәт берген 1728 жылғы Бұланты 1730 жылғы Аңырақай шайқасындағы жеңістерді Әбілқайыр хан басқарып, оның бас батырларының бірегейі Бөкенбай батырдың қатысқаны белгілі.

Бөкенбай батыр қалмақтармен қатар, Хиуа хандығы, қарақалпақ, түрікпен, башқұрт басқыншыларымен соғыстарға

қатысқаны, Әбілқайыр хан бастаған қазақ халқының ресеймен саяси байланысын орнатуға қатысқаны тарихтан белгілі болып отыр. Осы қысқаша келтірілген мәліметтерден Бөкенбай Қараұлы: 1) мемлекеттік деңгейдегі әскер басы, бас сардар болғаның 2) басқыншы жауға берілмей, қарсы күресу керектігі туралы мемлекеттік мәселені шешкен қайраткер болғаның 3) іргелі империямен саяси қарым-қатынас орнатуға араласқан сарабал саясаткер болғанын

жұртшылыққа ұсынуға мақсатымыз, алдымен Елбасы мұрындық болған «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес, халқымыздың назарынан тыс қалған тарихи тұлғаны тарихтан алатын қасиетті орнына қою. Сонымен қатар, қазақ батырлар легінің басында болып, бас сардарлыққа тағайындалған Бөкенбай Қараұлының өнегесін жас ұрпақ тәрбиелеу мақсатында халық игілігіне айналдыру, болашақ мүддесіне пайдалану болып

табылады. Сайып келгенде, Қараұлы Бөкенбай батырға байланысты ғылыми-мұрағаттық жәдігерлерді халқымыздың уыздай ұйыған береке-бірлігің ынтымағы мен жарастығын сақтауға, шындалған достығын нығайтуға қолдану деп түсіну керек.

Халқымыздың біртуар ұлы Бөкенбай батыр туралы деректерді қазіргі буынның білмеуі үлкен әнтендік, ал оларды біліп, жас ұрпақты тәрбиелеуге пайдаланбау

ТАРИХИ ТҰЛҒА БӨКЕНБАЙ БАТЫРДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ

байқаймыз. Қорыта айтсақ, Қараұлы Бөкенбай батыр жалпы ұлттық деңгейдегі қайраткерлігі халқымыздың болашақ буынын патриоттық рухта тәрбиелеудегі теңдесі жоқ асыл мұрасы. Оның қасиетті есімі, тарихи тұлғасы кеш те болса өз халқымен қауышуда, жас ұрпақты тәрбиелеуде халық игілігіне айналуға. Дегенмен Ұлы тарихи тұлға Бөкенбай батырдың өмірі, тәуелсіздік жолындағы күресі, қолбасшылығы, саясаткерлігі, тағы басқа қадыр-қасиеттері ғалымдар назарына енді ғана іліне бастаған үлкен зерттеулерді қажет ететін мәселе болып табылады. Қазіргі жүргізілген зерттеулер алдағы шешуін күтіп тұрған үлкен зерттеулердің бастауы іспетті. Бұл бағытта Санкт-Петербург, Мәскеу, Орынбар, Ташкент, Алматы т.б. үлкен мұрағаттық орталықтарда жатқан деректер табылатыны сөзсіз деп ойлаймыз. Көптеген зерттеушілер Бөкенбай аттас батырлардың бірін екіншісімен шатастырып жүргені де белгілі. Олар деректі дәлелдермен тарихымыздан өз орындарын тиісті дәрежеде алуы керек.

Біздің батыр Бөкенбай Қараұлы туралы ғұмырнамалық, әдеби және тарихи зерттеу мақалалар жинағын



ТАБЫН БӨКЕНБАЙ БАТЫР
1667-1742 ж.ж.

үлкен әбестік болар еді.

Сөз соңында, Қараұлы Бөкенбай батырды ұлықтауға туған өлкесі – Ақтебе өңірінің жұртшылығы, жергілікті билік иелері кеңінен қолдауда екенін айтпақпыз. Оған арналған ғылыми-танымдық конференциялар ұйымдастырылып, Ақтебе қаласының көрнекті бір көшесіне оның есімі берілді. Сол көшенің бойынан батырға лайықты сәулетті ескерткіш орнатуға көрнекті орын бөлінді. Енді міне батыр туралы құнды мәліметтер жинақталып, әдемі мұқабалы мақалалар мен зерттеулер жинағы шығарылып отыр. Осындай қасиетті істерге мұрындық болған қатысқан қолдаған жауапкершілікпен ат салысқан Азаматтарға батыр рухы риза болғай.

Кенжеғали
КЕНЖЕБАЕВ,
«Баһадүр батыр
Бөкенбай» кітабы
18-19 бет

Егемендікпен келген жаңғыру жылдарында мемлекеттілігіміздің белгісінің бірі еліміздегі топонимиялық ахуал ұлттық саяси, әлеуметтік рухани сұраныстарына сай Өріс алуда. Ономастика саласы қолданбалы тұрғыдан да, ғылыми тұрғыдан да жалпы тәуелсіздік мұраттары, елдік құндылықтар биігінен қарастырылуы қажет. Елімізде осы бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда және атқарылмақ шаруалар да жетерлік.

Бүгінде топонимдер еліміздің тыныс тіршілігіне қажетті бағдар беретін үлкен қоғамдық саяси маңызға ие болып, ұлттық, танымдық сипаттағы алдыңғы орынға шықты. Өйткені жер-су аттары адамзат қоғамында ғана пайда болып, өмір сүріп, қызмет ететіндіктен сол қоғамда болып жататын өзгерістерден тыс қала алмайды. Қазақстан топонимикалық кеңістігін ғылыми тұрғыдан реттеу қажеттілігі айқындала түсті. Тәуелсіздігімізге 25 жыл ішінде зерттелген өзгертілген өзгеруге тиісті көптеген атаулар төңірегінде жұмыстар атқарылды. Жеке аймақтарда зерттеуді қажет ететін географиялық топонимиканың міндеттері ұшан теңіз.

Тәуелсіздіктің ширек ғасыр мерекесі қарсаңында Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінде Ақтебе облысының тілдерді дамыту басқармасының «Атаулар сыр шертеді» ұсынған жобасына орай тарих факультетінде дөңгелек үстел болып өтті. Кіріспе сөз алған тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Самат Есқалиев шараның мені мен маңызына



ТОПОНИМИКАНЫҢ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

тоқталды.

Өткізілген шараға тарих факультетінің «Ақтебе облысы топонимикасының өзекті мәселелерімен даму болашағы» атты ғылыми үйірменің мүшелері және Ақтебе гуманитарлық колледжінің және политехникалық колледжінің студенттері қатысты. Барлығы 40-қа жуық баяндама жасап, өз пікірлері мен ұсыныстарымен бөлісті. Үйірме мүшелері Асқарбек Әбдіғаппар «Ақтебе

қаласының менсонимдері», Арайгүл Садықова «Тәуелсіз елдің тәуелсіз атаулары», Жансая Есентаева «Шалқар ауданының жер-су атаулары және оларды қалпына келтірудің өзекті мәселелері», Назерке Айдарбекова «Топонимикалық апаттан» арылуымыз – Тәуелсіздіктің жемісі» атты ғылыми бағыттағы жұмыстарында өзекті мәселелер қозғап, ұсыныстарын жеткізді.

Облысымыздағы, қаламыздағы ономастикалық үдерістер, жалпы жер-су атаулары жөніндегі түйінді мәселелер бойынша мазмұнды да мәнді баяндама жасаған студенттерді Ақтебе облысының әкімдігі, Ақтебе облысының тілдерді дамыту басқармасы мамандары марапатады.

Зоя КАЖИАКБАРОВА,
география кафедрасының
аға оқытушысы

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ-ОРТАҚ МАҚСАТ



ОСЫНДАЙ ТАҚЫРЫППЕН УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН

ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ. ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛГЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ ДУМАН САРБАЕВ, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ МЕРГЕНБАЙ КУРГАМБЕКОВ, ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ РЫСКҮЛ ИЗМАГАМБЕТОВА ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Дөңгелек үстел барысында Семей ядролық сынақ полигонының зардаптары, адам денсаулығына тигізген әсері, Невада-Семей қозғалысы жайында студенттер баяндамаларын жасады. Сондай-ақ, көпшілік назарына ядролық сынақ туралы бейнекөріністен үзінді көрсетілді.

Жиналғандар тақырып төңірегіндегі ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Студенттер

Семей полигоны тигізген қасірет жайында шағын қойылым көрсетіп, көпшілік көңіліне мұң ұялатты.

Дөңгелек үстелге келген оқытушылар студенттердің осындай езекті мәселені көтеріп, тәрбиелік маңыздылығы зор шараны ұйымдастырғандары үшін алғыстарын білдірді.

Жадыра АРЕН

ПӘНДІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ



Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде 2016 жылдың 2 қарашасы мен 2 желтоқсан аралығында химия және информатика оқытушыларына арналған «Ағылшын тілін оқытушыларға жеділдетілген оқыту» біліктілікті арттыру курсы өтті. Курсты Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі ұйымдастырды. Ағылшын тілі оқытушылары CLiL (пән-тілді интеграциялап оқыту) әдістемесі мен практикалық оқыту стратегиясын пайдаланды.

Негізгі мақсаты оқыту тілі ретінде ағылшын тілін пайдаланатын оқытушыларды ағылшын тілін терең оқуға ынталандыруға арналды. Курсты оқу барысында ағылшын тілін пайдаланған оқытушылар өзара идеялармен алмасты. Ағылшын тілі оқытушылары түрлі әдістері мен практикалық оқыту стратегияларын қолданды. Белгілі пәндер оқытушылары ретінде біз CLiL әдістемесі артықшылықтары және кәсіби дамытуында оның рөлі туралы көбірек білдік.

CLiL - аббревиатура болып табылады. Егер біз, пән оқытушылары ретінде, шет тілі арқылы жұмыс істесек, әрқайсымыз пән мен тілге инте-

грациялап оқыту (Content and Language Integrated Learning – CLIL) саласында жұмыс істейміз. CLIL - қос бағытталған жүйе. Бұл пәндер шетел тілі арқылы оқытылатын жағдайларға жатады, яғни екі мақсатта. Атап айтқанда, мазмұны мен шет тілін бір уақытта үйренуге назар аударатын мәселе.

Қазақстан мектеп оқушылары ана тілден басқа екі тілде сөйлейтін қабілеті болуы тиіс. Осы ережеге сәйкес CLIL екі тілді білім үшін тәсіл болып табылады, оқу жоспарының мазмұны және ағылшын тілге оқытылады. Орта білім беру деңгейінде ағылшын тілімен айырмашылығы зерттеу пәні оқыту басталғанға дейін ағылшын тілін меңгеру қажет емес. CLIL дамыту қуаты тілдік дағдыларды жетілдіру ретінде, сондай-ақ студенттер олардың CLIL- жұмыстарын орындау үшін шетел тілін аса жоғары деңгейінде болуы міндетті емес. CLIL тіл дамуының кепілі болып табылады.

Алмагүл АГИШЕВА,
х.ғ.к., аға оқытушы



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында Ақтебе облысының әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтебе еңрлік мемлекеттік университетінің тарих факультетімен бірлесе көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ұзақбай Желдүрбайұлы Құлымбетовтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Ұзақбай Құлымбетов және Қазақстанның мемлекеттілігі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді.

Конференцияда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ұзақбай Құлымбетовтың өмірі мен қызметін саралау негізінде тәуелсіз Қазақстан келбетінің қалыптасуындағы ұрпақтар жалғастығы мен тарихи сабақтастығы айтылды.

Іс-шараға Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д. Ханғелді Әбжанов, т.ғ.д. Светлана Смағұлова, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Аманқос Мектеп секілді республикаға танымал тарихшы-ғалымдар, Т.Жұрғеновтың, Ұ.Құлымбетовтың ұрпақтары, туыстары Ғалия Қараева, Мариям Байжанова, Алмат Байжанов, Сұңқар Қарабалин Орынша Қарабалина, Ұ.Құлымбетовтың ұрпақтарына қамқор болған Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова қатысты.

ARSU.KZ



ТАРИХИ- ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ШАРА

2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫНЫҢ 30-ШЫ ЖҰЛДЫЗЫНДА ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ «ТАРИХ ЖӘНЕ ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» КАФЕДРАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АПТАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ РЕТІНДЕ УНИВЕРСИТЕТШІЛІК «ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫ- ЕЛ ТАРИХЫ» АТТЫ ТАРИХИ-ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КЕШ ӨТТІ.КЕШТЕ УНИВЕРСИТЕТШІЛІК СТУДЕНТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ СЕМИНАРЫ, ҚАБЫРҒА ГАЗЕТТЕРІНІҢ КОНКУРСЫ, ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, ЖЕҢІМПАЗДАРҒА БАҒАЛЫ СЫЙЛЫҚТАР МЕН ДИПЛОМДАРДЫ ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ С.А.ЕСҚАЛИЕВ ТАБЫСТАДЫ.


Ғылыми -теориялық семинарда жұлделі орындарды тарих мамандығының 1 курс студенті Е.Мәлік, биология мамандығының 1 курс студенті С.Елтезеров, құрылыс мамандығының 1 курс студенті А.Рахманберген иеленсе, қабырға газеттері бойынша тарих 201 тобы, география 204 тобы, тарих мамандығының 302 топтары жеңіп алды. Интеллектуалдық сайыста тарихшылар Е.Сисенов, А.Қоймұрат, А.Бимурзаевалар жеңісті бермеді.Кафедра ұйымдастырған апталық жоғары деңгейде өтті.

ARSU.KZ

НАУКА НАЧИНАЕТСЯ С МОЛОДЕЖИ

9 НОЯБРЯ ФАКУЛЬТЕТ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ СОВМЕСТНО С ФАКУЛЬТЕТОМ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ ПРОВЕЛИ ОНЛАЙН СЕМИНАР «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ».

В СЕМИНАРЕ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ ЧЛЕНЫ СОВЕТА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ (СМУ) И ЧЛЕНЫ СТУДЕНЧЕСКОГО НАУЧНОГО ОБЩЕСТВА (СНО) ДВУХ ФАКУЛЬТЕТОВ.



Цели проведения семинара:

- формирование и развитие интеллектуального потенциала и творческих навыков студентов и магистрантов посредством привлечения их к научно-исследовательской и проектной деятельности;
- выявление и поддержка талантливых студентов;
- демонстрация и популяризация достижений студентов;
- привлечение научных работников, преподавателей научно-исследовательских центров к работе с талантливой молодежью.

В ходе семинара были представлены следующие сообщения:

1. Оқыту үдерісінде заманауи технологияларды қолдану тиімділігі және жолдары – гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы Уайс Ә.А., гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы Бауыржан Н.Б.
2. Сопоставительный анализ организации учебного процесса в китайском и казахстанском ВУЗах - студентка 4 курса специальности «5В020700- Переводческое дело» Почтарева Александра.
3. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватындағы сұңқартәрізділерге мониторинг және питомник құрудың негіздемесі - «5В060700 - биология» мамандығының 2 курс магистранты Смагулова Д.С. Жетекшісі: б.ғ.к., доцент Жолдасова И.М.
4. Өсімдіктердің Ақтебе аймағы су фиторемедиациясындағы маңызы - «5В011300-биология» мамандығының 2 курс студенті Жайымбетова У.Ж. Жетекшісі: б.ғ.к., доцент Базарғалиева А.А.

Все сообщения вызвали большой интерес и обсуждение.

Салтанат ИСКИНДИРОВА,
декан факультета иностранных языков



УЧЕНЫЙ ИЗ ПОЛЬШИ В НАШЕМ УНИВЕРСИТЕТЕ

С 28 ноября по 4 декабря 2016 года наш университет посетил кандидат педагогических наук, доцент, директор института физической культуры университета экономики г.Быдгощ, Республика Польша, Скалий Александр.

Ученый со студентами специальности «физическая культура и спорт» провел ряд лекции и практические занятия по плаванию. Также был проведен международный семинар по программе «ЭРАЗМУС+» по теме «управление, финансирование, признание результатов и обеспечение качества».

Кафедрой теоретических основ физической культуры под руководством д.п.н, профессора Ботагариева Т.А. были организованы следующие мероприятия:

- 1) Олимпиада по педагогической практике для студентов 3 курса – 29 ноября.
- 2) Региональный онлайн семинар «интенсификация учебно-воспитательного процесса за счет применения средств современных информационных технологий», который прошел в Назарбаев интеллектуальная школа 2 декабря 2016 г. В ходе семинара приняли участие представители Атырауского государственного университета и Оренбургского государственного педагогического университета.



Проведенные мероприятия с участием А.Скалий были очень важны для студентов и преподавателей. Состоялся обмен мнений по вопросам подготовки кадров, реализации процесса физического воспитания школьников и студентов в Польше и Казахстане. В перспективе намечены дальнейшие шаги по международному сотрудничеству с университетом экономики г.Быдгощ.

Д.Кужахметова

ТӘУЕЛСІЗДІК! БИІК ӘРІ ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ. АЗАТТЫҚ ТАҢЫ АТҚАЛЫ БЕРІ 25 ЖЫЛ УАҚЫТ ӨТТІ. ЕЛІМІЗДІҢ БАҒЫНДЫРҒАН АСҚАРАЛЫ АСУЛАРЫ КӨП. ӘРБІР ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТЫ ҮШІН 16 ЖЕЛТОҚСАН ЕҢ МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ. ОСЫ ОРАЙДА ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ ГЕОГРАФИЯ МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 25 ҚАРАША КҮНІ «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТ ДАМУЫ – БІЛІМДЕ» АТТЫ ТАНЫМДЫҚ КЕШ ӨТТІ.



ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ ТАНЫМДЫҚ КЕШ

Танымдық кешке тарих факультетінің деканы, т.ғ.к. С.А.Есқалиев, деканның орынбасары Е.Қ.Қонбай, студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы Н.Байгелдіұлы, факультеттің оқытушылары мен топ кураторлары, студенттері қатысты.

Кешті алғы сөзбен ашқан факультет деканы С.А.Есқалиев тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойымен жиналған қауымды құттықтап, бүгінгі таңда білімнің ең маңызды капитал

екендігін, кештің маңыздылығын атап өтті. Жиын барысында А.Абилова және Ә.Қайырқожа «Тәуелсіздік белестері» тақырыбында баяндама оқыды. Сонымен бірге «Тәуелсіз елдің тәуелсіз жастары ретінде сіз ел дамуы үшін қандай игі іс атқарасыз?» сауалы теңірегінде студенттер кезқарастарымен белісті. «Өркениет дамуы – білімде» атты баяндаманы С.Тұрсынқұл мен Л.Нұрымбаева дайындап, білім

жүйесінің дамуы жөнінде өз ойларын білдірді.

Мерекке орай Э.Тұрсынғалиева мен Е.Қалдан жүрекқарды туындыларын ұсынды. Бұл кештің маңызы жоғары, берері мол болды. Шараны А. Әбдіғаппар мен С.Тұрсынқұл «Атамекен» әнімен қорытындылады.

Арайгүл САДЫҚОВА,
тарих факультетінің 2 курс студенті

БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ЖАҚЫНДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТТЕРІНІҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАРЫ, МАГИСТРАНТТАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ БІРЛЕСІП «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖАС ҒАЛЫМДАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАП ОНЛАЙН СЕМИНАР ӨТКІЗДІ.



Онлайн желісіне экономика және құқық институты, тарих, филология факультеттерінің профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми-инновациялық бағдарламалар бөлімінің мамандары, биология кафедрасының меңгерушісі Ержан Казкеев, биология ғылымдарының кандидаты Айгүл Калиевалар қатысты. Олар семинар барысында баяндама-

ларды тыңдап, қойылған сұрақтарына нақты жауаптар алды. Шара кезінде г.ғ.м., аға оқытушы Ә.А.Уайс, г.ғ.м., оқытушы Н.Б.Бауыржан «Оқыту үдерісінде заманауи технологияларды қолдану тиімділігі және жолдары» тақырыбындағы баяндамаларын көпшілік назарына ұсынса, «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи

резерватындағы сұңқартәрізділерге мониторинг және питомник құрудың негіздемесі» атты ғылыми жұмысын биология мамандығының 2 курс магистранты Д.С.Смагулова ортаға салды. Қытай және Қазақстан жоғары оқу орындарындағы оқу жүйесін ұйымдастырудың салыстырмалы талдауы жайында аударма ісі мамандығының 4 курс студенті А.Почтарева кеңінен талдап өтті.

Онлайн семинарда 2 курс студенті Л.Қабдұғалиева сөз алып, б.ғ.к., доцент Ә.А.Базарғалиева жетекшілік жасап отырған «Биология» ғылыми үйірмесінің жұмысы туралы ағылшын тілінде қысқаша баяндап берді. Студент Ұ.Жәлімбетованың «Өсімдіктердің Ақтебе аймағы су фиторемидациясындағы маңызы» тақырыбындағы



мазмұнды баяндамасынан соң, үйірме мүшелері Ж.Мәлік, Б.Мұратбаева және 3 курс студенті Н. Маратова өздерінің зерттеу жұмыстары туралы айта келіп, университет қабырғасында алып отырған теориялық біліммен қатар

үйірмеде жүргізіп отырған ғылыми зерттеу жұмыстарының берері мол екеніне, болашақ мамандығына бейімдейтініне де жете тоқталды.

Өз тілшіміз

25-26 ҚАРАШАДА УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ ПРОЗАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ. ШАРА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университетінің құрылғанына 50 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

НӘТИЖЕЛІ ЖИЫН



Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар жоғары және арнаулы оқу орындарында, орта мектепте тарихи туындыларды оқыту әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту, әдебиетті оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану, білім беру мекемелерімен байланысты қалыпты жолға қою, оқытушылардың кәсіби тәжірибе алмасуын ұйымдастыру мақсатын кездеді.

Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді. Тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тартқан тауқыметі мен керген қиындықтары қоғам айнасы – керем әдебиеттің тарихи туындыларында айшықты да әсерлі керемдікпен бейнеленіп келеді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидағын кезге елестету үшін де кешегі кезеңге кез жіберуіміз керек», - деген пікірі тарихи керем туындылардың құндылығын одан әрі арттыра түседі.

Семинар барысында тарихи прозаны

жоғары және арнаулы оқу орындарында, орта мектепте оқытудың өзекті мәселелері, кернекті жазушылар І.Есенбөрлин мен Ә.Кекілбаевтың тарихи туындылары және оларды оқыту әдістері, жоғары және орта

арнаулы оқу орындарында, орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңашыл бағыттары, оқыту үдерісінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдары туралы мәселелер

қарастырылды.

Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар жұмысына республикамыздың Астана, Алматы қалалары мен Ақтебе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Алматы, Жамбыл облыстарынан келген ғалымдар, қаламыздағы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары, колледждер мен орта мектептердің мұғалімдері, облыстық және қалалық білім беру мекемелерінің қызметкерлері, докторанттар, аспиранттар, магистранттар қатысты.

Семинарға ғалымдар мен педагогтардың келіп түскен ғылыми-әдістемелік мақалалары енгізілген жинақ шығарылды. Жинақта қазақ әдебиетіндегі тарихи проза поэтикасын зерттеп жүрген белгілі ғалымдар Ә.Молдахановтың, Т.Сыдықовтың, Қ.Алпысбаевтың, Б.Бораштың мақалалары, сонымен қатар әдебиеттану саласында бастау алған Әбіштану мәселесіне арналған ғылыми ой-пікірлері ұтымды орын алды. Профессор-оқытушылар мен мұғалімдер қазақ әдебиетіндегі тарихи туындылардың ЖОО-да, колледждерде, орта мектепте оқытылуы турасында және білім беру мекемелері арасындағы кәсіби байланыс жөнінде тәжірибелерімен белісіп, ойларын ортаға салды. Семинар езінің мақсатына жетті.

Семинар соңында үздік баяндамашыларға Алғыс хаттар, езге қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Өз тілшіміз





«Ақыл жастаң асыл тастан» дейді халқымыз. Редакциямызға студенттердің шығармаларың өлеңдерін әркез жолдап отыратындығы әрине, бізді қуантады. Төмендегі өлеңдердің авторы Салық Ошанұлы деген студент. Ол осы үстіміздегі оқу жылында Қытай Республикасының іле-қазақ автономиялық облысы, іле педагогикалық университетінен біздің оқу ордамызға «Студент алмасу» бағдарламасы арқылы оқуға келіпті. «Бір жыл бойына Жұбанов ордасынан білімімізді толықтырамыз. Қытайдан 13 студент келдік. Филология факультетінде қазақ тілі және әдебиеті мамандығында оқимыз. Өлеңге жасымнан құштармын» дейді Салық. Салықтың өлеңдері Қытайдағы Шыңжаң қазақ жастары ба-спасында жарияланып тұрады екен. Бізде талантты жастың өлеңдерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

СӘЛЕМ САҒАН АТА ЖҰРТ

Сәлем саған ата жұрт тұлғаң асқақ,
Ұрпақтарың көрмеген бір дем жасқақ.
Құшағыңды сағынып мен келемін,
Тұла бойды көрмеген арман бастап.

Жұпар иісі аңқыған жасыл далам,
Ду-думанға бөленген асыл қалам.
Қазақ, қазақ иісіңнен айналамын,
Даңғыл кеуде жан сырын жасырмаған.

Қараймын көзім тоймай шыңдарыңа,
Нар бабамның қаны бар суларыңда.
Сан тарихты жырлаған асыл далам,
Күлім қағып қарайсың ұлдарыңа.

Кең көсілген уа байтақ жерің қандай?!
Еркін жатқан қайғысыз балаң қандай?!
Бұлағыңнан жұтсамда қайта-қайта,
Барад(ы) шіркін бір сөтке шөлің қанбай.

Күмістейін күлімдер көлің қандай?!
Сый-сыяпат көрсеткен төрің қандай?!
Мың жүйрікті артыңа шаң қаптырған,
Құлағерің құйғытқан өрің қандай?!

Аспаныңда толқыған айың қандай?!
Күмбір-күмбір күйлерің ағылғандай,
Топырағыңды басқанда қос табаным,
Қуаныштан жүрегім жарылғандай.

Атамекен алыстан сағынғандай,
Сездің бе екен болғаның қалым қандай?!
От жүрегім кеудеме сыймай барад(ы),
Бір арманым бойыңнан табылғандай.

Желбіреген көк туың қасиетің,
Саясында сан ұрпақ бас иетін.
Сәлем саған ата жұрт, сәлем саған,
Жанарыма қашанда жас үйетін.

Ақ иығы биікке қалықтай бер,
Сан сайысқа аттансаң талықпай кел.
Әр күн сайын әлемге атың шығып,
Қазақ елі мәңгіге шарықтай бер!

ӘКЕ ЖАН

Қойнауыңа тау болып сыйып тұрмын,
Кеңдігіңе еріксіз ұйып тұрмын,
Көңілімнің толассыз ақ жаңбырың,
Бір өзіңе өке жан құйып тұрмын.

Әке сенің көңілің жасыл орман,
Бәрі бәрін қойнына жасыра алған,
Тау тұлғаңнан үміттің кілтін тауып,
Шыңдарыңа жетелер асыл арман.

Қайсарлығың қарағай құзардағы,
Көздеріңде мейірдің шынар бағы,
Орындар ұлыңның бір арманы,
Ғұмырыңның ғасырға ұзарғаны.

Ақ тілеуден жүрегім жібітпеді,
Қос қолыңда қиындық үгітпеді,
Тұғырыңнан талпынып қанаттандым,
Өшірмеймін мәңдегі үмітпеді.

МЕН ӨМІРДІ СҮЙЕМІН

Адам деген жасамайды мәңгілік,
Бұл дегенің бұлтартпайтын заңдылық,
Бес күн жалған басын қайта бұрмайды,
Аз ғұмырды өткізейік мәнді ғып.

Өмір өзен арнасы көп өзгерер,
Біздерден де қала-тұғын кез келер,
Өзімізнен еш талассыз өнші алам,
Таласқанмен өсте ала алмас өзгелер.

Өмір маған берді тірлік етуді,
Тірліктеумен қанатымыз жетілді,
Мен өмірді өле өлгенше сүйемін,
Қаламаймын бостан-босқа етуді.

Аймалаған маңдайымды күн сүйіп,
Тұла бойға жылы шуақ нұр құйып,
Жүрегімде өмір сүйгіш сезім бар,
Шығам өмір шыңдарына тым биік.

МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ!



Менің мақтанышпен айтатын мамандығым – ықылым заманнан Аристотель мен Эл-Фарабилер іргетасын қалаған, Ыбырай мен Абай секілді ұлылар сусындаған, Ахмет пен Міржақып секілді даналар дамытқан ұлы жол – ұстаздық жолы. Оның ішінде сөз өнерін асқақтатқан, тіліміздің сан қилы қыр-сырын меңгерген тіл маманы. Осы мамандықтың иесі атану үшін Батыс Қазақстандағы ең іргелі оқу орны Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік

университетінде, филология факультетінде оқып білім алып жатырмын.

Ұстаздық – ұлы міндет, ұлы абырой. Балалар әдебиетінің атасы, қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин «Маған жақсы ұстаз бәрінен қымбат, себебі: мұғалім-мектептің жүрегі», - деген екен. Сондықтан да ұстаздық ұлы жолдың жолаушысы болуға, болашақта өзім қызмет ететін жердің «жүрегі» болуға бел байладым. Мен тәлім алып жатқан білім ордасы осы ұлы жолдың жалықпас жолаушысы болуға тәрбиелеуде.

Менің мамандығым – «қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі. Біздің мамандықтың жүгі ауыр. Себебі мойнымызға екі есе міндет жүктелген. Қазақ тілін езге ұлттың өкілдеріне үйрету – ете жауапкершілігі жоғары жұмыс. Бірақ, соған қарамастан біздің міндетіміз биік әрі мәртебелі деп есептеймін.

140-қа жуық ұлт пен ұлыс мекен ететін Қазақстанда езге ұлттың өкілдеріне ана тілімізді үйретіп, мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің қыр-сырын терең таныта білу ұстаздық парызымыз. Сондықтан да біздің мамандықтың тек тәлімгерлік қана емес, тәрбиелік маңыздылығы да ете жоғары.

2013 жылғы Республикалық мамандықтар арасындағы сайыста біздің «қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы I орынды иеленгенін атап өткенім жөн болар. Әрине, мұның бәрі сапалы білім мен саналы студент дайындап отырған университетім мен факультетімнің, оның ішінде кафедра ұстаздарының ерен еңбегі деп білемін.

Балауса ЖЕҢІСОВА,
филология факультетінің 2 курс студенті

СТУДЕНТТЕР БАСҚАРДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті 17 қараша халықаралық студенттер күніне орай «Студенттің өзін-өзі басқаруы» күнін өткізді. Университет ұжымы мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жастар саясатының жұмысын жандандыру, тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылатын бір күндік шара жыл сайын дәстүрлі түрде жалғасып келеді.

Университеттің студенттері аталмыш шараны өткізу барысында әркез белсенділік көрсетіп, қызығушылық танытып келеді.

Осы жолғы өзін-өзі басқару кезінде оқу ордамыздың ректоры қызметін шетел тілдері факультетінің 4 курс студенті Нарқозы Қартжан абыройлы атқарып шықты. Ал оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор қызметін техникалық факультеттің 4 курс студенті Назарбек Абдраманов атқарса, ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін техникалық факультеттің 2 курс студенті Ерхан Мурзағалиев орындады. Шетел тілдері факультетінің 2 курс студенті Дилара Тыныбекова болса университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры жауапкершілігін атқарды. Сондай-ақ, барлық факультеттің декан қызметтерін сол факультеттің студенттік декандары алмастырды.

«Еңсесі биік оқу ордамыздың басшысы Кенжеғали Кенжебаевтың ректорлық қызметін атқару маған бұйырыпты. Университет басқарудың жауапкершілігі мен міндетін арқалап, барша студенттер мен оқытушылардың үкілі үмітін ақтап, сенімдерінен шығу, әртүрлі саланы бір арнада тоғыстырып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың қаншалықты қиын екенін бүгін түсіндім. Мойныма артылған 8 сағаттық қызметімнің әрбір минуты мен үшін қымбат болды. Иә, бұл істі кез-келген адам дөңгелетіп әкете алмас. Ол үшін ең алдымен асқан ақыл шыңдалған сабыр, қайсар мінез, талап пен жігер керек екен. Осындай абыройлы қызметті атқаруым менің өмірімдегі ең үлкен жетістігім деп білемін. Сондай-ақ, барлық басшылардың орнын алмастырған белсенді студенттерге алғысым шексіз. Шараны ойдағыдай атқарғанымыз – бір жеңнен қол бір жағадан бас шығарып, ынтымақ пен бірлікті ту еткендігіміздің арқасы деп санаймын» - дейді студенттік ректор Нарқозы Қартжан шара жайлы ойымен бөлісіп.


Шара барысында педагогика институтының белсенділері холда ойындар өткізіп, студенттерге ерекше көңіл-күй сыйлады.

Ақкүніс НҰРПЕЙІСОВА,
филология факультетінің студенті

МАХАББАТ ПО РАСЧЕТУ

Қаламызда өткен театр фестивалінен соң университет ректоры Кенжеғали Кенжебаевтың қолдауымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің Жастар сарайының сахнасында Ғабит Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актерларының қатысуымен «Махаббат по расчету» криминалдық драмасы қойылды. Қойылым режиссері Сұлтан Срайлов. Продюсері – Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері Сәбит Әбдіқалықов.

Махаббат пен адалдық, өшпенділік пен қызғаныш, күлдіре отырып жылатқан бұл қойылымда басты рөлді танымал актер Асылхан Төлепов сомдады. Театр сахнасын алғаш осы қойылыммен бастап жатқан Дастен Шакиров, кино арқылы көрермендерге жақсы таныс Гүлбахрам Байбосынова, Динара Абдуллина және Олжас Сақ деген 5 актердан құрылған спектакль жоғарғы деңгейде өтті. Спектакль криминалдық жанрда қойылған. Савчик пен Машаның махаббаты



және Петоннің бойын қызғаныш билеуі, адал достық арасына сызаттың түсуі, келеңсіздіктер, достықтың қасиетін ерекше көрсете білген бұл қойылым көрермендерге ой сала білді.

Ақкүніс НҰРПЕЙІСОВА



ЕКІ ЖҰЛДЫЗ - ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ

Университетіміздің филология факультетінде 17 қараша халықаралық студенттер күніне орай ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластықты, ауызбіршілікті паш еткен ерекше бір шара «Екі жұлдыз» музыкалық сайысы өтті.



Әдемі кешті филология факультетінің студенттерімен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы Жәнібек Бейбітов пен орыс филологиясы мамандығының студенті

Аяжан Бисенғалиева жүргізді. Музыкалық кеште төрт жұл ез өнерлерін ортаға салды. Оларды атап айттар болсақ, қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы Гүлнар Обаева мен студенті

Еркебұлан Ажмұратов, «Жұбановтану» ғылыми зертханасының қызметкері Жұлдыз Мәтжан мен студенті Ғаламжан Әбдіжәлел, теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының оқытушысы Есім Кеңесов пен студенті Ұлмекен Утепова және орыс тілі кафедрасының оқытушысы Назғұл Абдуллина мен студенті Ислам Бақтыбай. Әнерлі жұптарға белгілі ақын, Табылды Досымов атындағы республикалық қоғамдық қордың басшысы Бижан Қалмағамбетов, филология факультеті деканының орынбасары Сабырғали Бишекен, кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлнұр Зарлықовалар әділ төрелігін жасады.

Ең алғаш сахна төріне Гүлнар Обаева мен Еркебұлан Ажмұратов жұбы шығып, «Әпке» әнін орындап, жарасымдылығымен көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Келесі жұп Жұлдыз Мәтжан мен Ғаламжан Әбдіжәлел «Жанарым» әнін ерекше етіп орындады. Есім Кеңесов пен Ұлмекен Утепованың орындауындағы «Миллион, миллион

ғұл қаида» әні жүректен ерекше күйге бөледі. Назғұл Абдуллина мен Ислам Бақтыбай жұбы «Күзгі қайың» әнін әдемі сахналық қойылыммен ұштастыра білді.

Кеш барысында филология ғылымдарының кандидаты, доцент Фариза Ембергенқызы, факультет деканы Сабыржан Сағидоллаұлы және де кафедра меңгерушілері сахнаға шығып өздерінің студенттерге арнаған ақ тілектерін жеткізіп, студенттік кезеңдерінде бір еске алып өтті.

Сайыс нәтижесінде Назғұл Абдуллина мен Ислам Бақтыбай жұбы бірінші орынды иеленсе, екінші орынды Есім Кеңесов пен Ұлмекен Утепова жеңіп алды. Үшінші орынға Гүлнар Обаева мен Еркебұлан Ажмұратов жұбы лайық деп танылды.

Кеш соңы Асау Қайрат пен Әсем Самбаеваның орындауындағы «Екі жұлдыз» әнімен аяқталды.

Ақжүніс НҮРПЕЙІСОВА,
филология факультетінің
2 курс студенті

ПАЙ-ПАЙ 25 - АЙ-ХАЙ 50

Жұбанов университетінде жыл сайын өтетін «Ректор кубогы» КТК ойыны (көңілді тапқыштар клубы) осы жылы да дәстүрлі жалғасын тапты. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына, университеттің 50 жылдығы қарсаңында «Пай-пай 25 – ай-хай 50» деп аталған іс-шара факультетаралық оқытушылар арасында өткен болатын Бас жұлдеге 100 000 теңге және де өзге ақшалай сыйлықтардың бас демеушісі, осы үрдістің жылғы қамқоршысы Гүлнұр Зарлықова бастаған кәсіподақ ұйымы.

17 қараша күнінің таңдалуы

кездейсоқтық емес. Халықаралық студенттер күнінде ұстаздарымыз қайтадан сол жастық кездерін елестеткендей болды.

Студент қауымы үшін оқытушыларын жаңа қырынан керу аса таңқалдырды. Қағытпа қалжыңмен күлкіге қалдырып, үздік әзілдерімен сахнаны жандандырған ұстаздарымыз керемет ойын өрнеп көрсетіп, әзілмен салмақты ой айтып, студенттерді мерекелерімен құтықтауды да ұмытпады.

Сайыста педагогика, экономика және құқық институттары, шет тілдері, тарих,



филология, физика және математика, жаратылыстану, техникалық факультеттерінен шыққан құрама командалар өзара бақ сынады. Ең үздігін анықтау, ең мықтысын бағамдау әділ қазыларға оңайға соқпады. Төрешілер құрамында кәсіподақ ұйымының басшысы Гүлнұр Зарлықова, тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор Мұхтар Миrows, тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы Әлібек Қаратаев және басқалары болды.

Керемет ойын өрнеп көрсетіп, жұлделі 3-орынды техника факультеті, ал 2-орынды педагогика институтының құрамасы қанжығасына байласа, биылғы жылдың чемпионы атанып, «Ректор кубо-

ғын», онымен қоса жүз мың теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болған жаратылыстану факультетінің «Биос» командасы бас жұлдемен марапатталды. Айта кету керек, сайысқа қатысқан әрбір командаларға ақшалай сыйлық беріліп, арнайы сертификаттар табыс өтілді. Үздік ойыншы атағын «Биос» командасының мүшесі Жадыра Аманғелдіқызы ұстазымыздың еншісіне бұйырды.

«Күлкі өмір айнасы» демекші, халықаралық студенттер күні мерекелік кеште ерекше есте қаларлықтай ойын-күлкі сыйлаған оқытушыларға студенттер шексіз ризашылықтарын білдірді. Әрдайым жайдарлы өмір сүрейік!

Динара КУЖАХМЕТОВА

ЖАТАҚХАНАДА ӨТКЕН ЛИРИКАЛЫҚ САФАТ

Университетіміздің №2 жатақханасында физика-математика факультеті информатика кафедрасының меңгерушісі Г.А.Шаңғытбаева және кафедра кураторлары Ж.Қ.Убаева, Ж.Жұмағалиевамен 1 курс студенттерінің ұйымдастыруымен лирикалық көш өтті.

Жатақхананың акт залында жиналған студенттер кештен алған әсерлерін жасыра алмады. Лирикалық кеште әр ақындардың өмірбаянымен таныстырылып, олардың шығармаларынан үзінділер оқылды. Әсіресе, Ұлболсын мен Әсет «Соқыр қыздың мұңды монолонын» оқығанда көрермендер орындарынан тұрып, қолдарын ду соғып, қошеметтерін



керсетп. Шараға жатақхана тұрғындары түгелдей жиналды.

Кеш соңында көрермен болып келген басқа факультеттің студенттері алғыстарын білдіре отырып, осындай кештер жиі өткізіліп тұрса деген тілектерін жеткізді. Аталмыш шараның әсерін студенттердің бал-бұл жанған жүздерінен керуге болады.

Кеш соңы студенттердің би кешімен жалғасты.

А.Ж.ДҮРЕГЕЕВА,
физика – математика факультетінің аға кураторы



Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Тілші Арн Ж.С.
Маман Жалғасбаева М.Ж.
Корректоры Адилханова С.Ж.

Меншік иесі:
Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Ақтебе қаласы, Смағұлов көшесі, 9 «К») басылады.
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №162 Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтебе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі 34 ұй. 2-қабат, 200 ° белме. Келемі 2 баспа табақ.
Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.